

Қарғалы ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 26 қарашадағы № 208 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 қарашада № 6500 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № 248 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы әкімдігінің 27.11.2020 № 248 қаулысымен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 529 бабының 6 тармағына сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қарғалы ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Қарғалы аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Қарғалы ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарғалы ауданы әкімінің орынбасары А. Шүйіншалиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. ДЖУСИБАЛИЕВ

КЕЛІСІЛДІ:

"Қарғалы ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы М. Актаев

" _____ " _____ 2019 жыл

Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

№	Салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті
Қарғалы ауданы		
Бадамша ауылдық округі		
1	Бадамша ауылы	2,7
Кемпірсай ауылдық округі		
2	Жосалы ауылы	1,2
3	Кемпірсай ауылы	1,2
Желтау ауылдық округі		
4	Петропавл ауылы	2,6
5	Ш.Қалдаяқов ауылы	2,5
Велихов ауылдық округі		
6	Ақжайық ауылы	1,2
7	Велихов ауылы	1,2
Әлімбет ауылдық округі		
8	Әлімбет ауылы	2,38
Қос Естек ауылдық округі		
9	Қос Естек ауылы	2,45
Ащылысай ауылдық округі		
10	Ащылысай ауылы	2,25
11	Преображенвка ауылы	2
12	Аккол ауылы	1,85
13	Бозтөбе ауылы	2
Степной ауылдық округі		
14	Степной ауылы	2,7
15	Қайрақты	2,6